

**"АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ" АҚ**

"Келісілді"

"Өрлеу" Біліктілікті Арттыру Ұлттық
орталығы "АҚ" кәсіптік даму
институтының директоры

 Мелдебеков Е. Т.
«» 2023 г.

"БЕКІТЕМІН"

Оқу ісі жөніндегі проректор,
п.ғ.д. Чакликова А.Т.

"27" 02 2024 ж.



"8D017 Тілдер және әдебиет мұғалімдерін даярлау"

"8D01721 Шетел тілі мұғалімдерін даярлау"

Бағыттары бойынша

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

2024-2027 ж.ж.

АЛМАТЫ 2024

«8D01721» – Шетел тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының спецификациясы 2024 жылғы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес әзірленді.


1. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті **әзірлеген**

2. **Құжатты әзірлеуші:** Ахметова М.К., философия докторы (PhD)

3. Сарапшылар: Касымбекова М.А., философия докторы (PhD)
Жусупова Р.Ф., пед.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

4. Шет тілді білім беру әдістемесі кафедрасының кеңейтілген отырысында **қаралған**

№ 5 Хаттама 14 01 2024ж.

ШТББӨ кафедрасының меңгерушісі  Жумабекова Г.Б., пед.ғ.к., профессор

5. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ШТП факультетінің Академия Кеңесі **ұсынған**

ЖООКБББ бастығы  Ахметова М.К., философия докторы (PhD)

Білім беру бағдарламасының спецификациясы

1. ДАЙЫНДАУ БАҒЫТТАРЫНЫҢ КОДЫ ЖӘНЕ АТАУЫ	8D017 – Тілдер және әдебиет мұғалімдерін даярлау
2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОДЫ ЖӘНЕ АТАУЫ	8D01721 – Шетел тілі мұғалімдерін даярлау
3. БЕРІЛЕТІН ДӘРЕЖЕ	«8D01721» - Шетел тілі мұғалімдерін даярлау (бейіндік бағыт)» білім беру бағдарламасы бойынша философия бойынша PhD дәрежесі
4. ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ	8 ҰБШ
5. БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ	ҚР БҒМ НААР институционалдық аккредиттеу ҚР БҒМ НААР мамандандырылған аккредиттеу
6. ОҚУ КЕЗЕҢІ	3 ЖЫЛ
7. ОҚЫТУ ТІЛІ	Қазақ/Орыс/Ағылшын
8. ФАКУЛЬТЕТ	Шет тілдерінің педагогикалық факультеті
9. КАФЕДРА	Шет тілінде білім беру әдістері
10. БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕЙІНІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫ	
Негізгі мақсаты: оқу процесіне оқытудың инновациялық технологияларын енгізу және шетел тілінде білім беру саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау арқылы ғылыми-қолданбалы және дағдылар мен көшбасшылық қасиеттерге ие жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған білім беруді іске асыру. «8D01721 – Шетел тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының мақсаты – шетел тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен тәжірибесі саласында шеттілдік білім берудің когнитивтік-лингвомәдени тұжырымдамасының әдістемесі саласында іргелі ғылыми, теориялық және қолданбалы даярлығы бар, заманауи ақпараттық технологияларды жетік меңгерген, шеттілдік білім беру теориясы саласындағы концептуалды мәселелерді тұжырымдап, шешуге қабілетті жоғары білікті, бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау үшін жоғары тиімді ғылыми-әдістемелік платформа құру. Білім беру бағдарламасы болашақ мамандардың шеттілдік білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу күзіндеттілігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған, нәтижесінде докторанттар шеттілдік білім беру әдіснамасын және педагогикалық технологияларды жетілдіру үшін заманауи көзқарастарды зерттеуге және талдауға құзыретті болады.	

Білім беру қағидаттары шетел тілінде білім беру мен ғылымның негізгі қағидаттарына сәйкес құрылады және докторанттардың академиялық ұтқырлығына қол жеткізуге және олардың еңбек нарығына сәтті бейімделуіне қол жеткізуге бағытталған.

Курстардың, бағдарламалардың, бағалау критерийлерінің халықаралық стандарттарымен айқындығы және арақатынасы.

- Докторанттың іргелі ғылыми және кәсіби дайындыққа ие болуы, ғылыми ақпаратты алу, өңдеу және сақтау әдістерін қоса алғанда, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі, қазіргі заманғы ғылыми және практикалық проблемаларды тұжырымдамай және шеше білуі, білім беру саласында ғылыми-зерттеу/эксперименттік зерттеу қызметін жоспарлай және жүргізе білуі, жоғарғы оқу орындарында сабақ беруі, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асырылуы тиіс.
- Түлектер сенімді нәтиже беретін, заманауи шетел тілдік білім беру саласында терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды талап ететін маңызды ғылыми зерттеуі жүргізуі тиіс.
- Түлектер Қазақстанның немесе басқа елдің кез келген жетекші ЖОО-да PhD ғылыми дәрежесін алуға немесе осы салада зерттеулер жүргізумен байланысты кәсіби мансапқа дайын болуы тиіс.

11. ЗЕРТТЕУ САЛАСЫ

«8D017 - Шетел тілі мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша докторанттың кәсіби қызмет саласы білім және ғылым болып табылады. «8D0172» – Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша докторанттың кәсіби қызметінің объектілері: негізгі және бейіндік мектеп; мамандандырылған мектеп; жоғары оқу орны немесе университет болып табылады.

12. КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

«8D01721 – Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша докторант ғылыми-зерттеу, өндірістік-басқару, ұйымдастыру-технологиялық, жобалық кәсіби қызмет түрлерін орындай алады.

13. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУШІЛРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгеруге ниет білдірген тұлғалардың алдыңғы білім деңгейі-жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша:

- жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура).

Азаматтарды докторантураға қабылдау тәртібі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

14. ОҚУДАН КҮТІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР

14.1. ДОКТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ТҮЛЕКТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Докторантура бағдарламасының түлектері міндетті:

- шет тілін оқыту саласындағы жүйелі түсінікті, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеруін көрсету; - ғылыми көзқараспен маңызды зерттеу процесін ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілеттілігін көрсету; - ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялануға лайық ғылыми саланың шекарасын кеңейтуге өзіндік ерекше зерттеулерімен үлес қосу; - жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу; - өз білімдері мен жетістіктерін әріптестерге, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу; - академиялық және кәсіби контексттерде білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуына ықпал ету.	
14.2 ЖАЛПЫ ҚҰЗІРЕТТЕР	
14.2.1 А – ИНСТРУМЕНТАЛДЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР	
A1	Өзінің кәсіби педагогикалық іс-әрекетін, сондай-ақ ұжыммен бірлескен іс-әрекетті құрылымдау және жоспарлау дағдысы.
A2	Оқу, ғылыми-зерттеу және ғылыми жұмыс шеңберінде проблемалық жағдайларды шығармашылық шешуде пәндік білімді қолдана білу.
A3	Әр түрлі салалардағы ақпаратты табу, талдау және өңдеу және оны тапсырмалар мен мәселелерге сәйкес пішінге келтіру мүмкіндігі.
A4	Ғылыми деректерді жүйелеу, жаңа фактілерді білімнің жалпы контекстіне қосу қабілеті
A5	Шетел тілінде коммуникативтік және зерттеу дағдыларын меңгеру.
14.2.2 В – ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР	
B1	Аналитикалық ойлауға бейімділік, өзін-өзі сынай білу және сыни тұрғыдан бағалау.
B2	Ұжымдық топ ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысы.
B3	Пәнаралық топтағы бірлескен іс-әрекеттегі құзыреттілік, өзара әрекеттестік дағдылары.
B4	Мәдениетаралық құзыреттілікті жүзеге асыра отырып, халықаралық контексте жұмыс жасай білу.
B5	Этикалық айырмашылықтарды және көпмәдениетті қоғамды құрметтеу.
14.2.3 С – ЖҮЙЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТЕР	
C1	Теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізе білу және оқуға қабілеттілік.
C2	Өзгеретін жағдайларға бейімделу және жаңа идеяларды тудыру қабілеті (шығармашылық).
C3	Өз бетінше жұмыс істеу, жобаларды әзірлеу және басқару қабілеті.
C4	Пайымдаулар мен білімдердің нәтижелері үшін этикалық және әлеуметтік жауапкершіліктерді ескере отырып, білімді біріктіру және шектеулі ақпарат негізінде пайымдауларды тұжырымдау мүмкіндігі.

C5	Тәжірибелік есептерді шешу кезінде уақытты тиімді басқару және ұйымдастырушылық дағдыларды көрсете білу.
----	--

14.3 D – ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТЕР

D1	Инновациялық білім беру шеңберінде іргелі және бейіндік оқыту кезінде алған білімдерін кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезінде экономика мен әлеуметтік саланың қажеттіліктерімен тығыз байланыста тиімді қолдана білу.
D2	Тарихи-лингвистикалық материалды талдау мен синтездеудің эксперименттік әдістерін қолдана отырып, шет тілін оқыту саласында өз бетінше зерттеу жүргізу дағдысы.
D3	Педагогикалық, аудармашылық және редакциялық-баспалық қызметті жүзеге асыру дағдылары
D4	Ұйымдастырушылық, басқарушылық және консультативтік-аналитикалық қызмет салаларындағы дағдылар.
D5	Алған білімдерін шет тілін оқыту саласында қолдану

15. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

15.1 БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

Білім беру бағдарламасы үш оқу жылына арналған. Оқу жылы 2 семестрге бөлінген, әрқайсысы 15 аптадан тұрады. Бағдарлама аясында оқыту модульдік негізде жүзеге асырылады. Философия докторларын (PhD) дайындау үшін оқу үдерісін аяқтаудың негізгі критерийі докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті орындауы болып табылады. Докторлық білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертация қорғаған тұлғаларға Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 «Дәрежелерін беру ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесімен диплом және қосымша (транскрипт) беріледі».

15.2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ

15.2.1 НЕГІЗГІ МОДУЛЬДЕР

МОДУЛЬДІҢ АТАУЫ	МАЗМҰНЫ	КРЕДИТТЕР САНЫ
Модуль 1. Докторанттарды кәсіби даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері	Академиялық жазу	5
	Ғылыми зерттеу әдістері	5
	Педагогикалық тәжірибе	10
	Шетел тілдік білім берудегі заманауи ақпараттық-технологиялық әдістер	5

	Шетелдік білім берудің қазіргі заманғы парадигмасының әдістемесі	5
	Шетелдік білім берудің құзыреттілігін модельдеу	5
	Ғылыми-зерттеу тәжірибесі	10
	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде практика және докторлық диссертация	123
	Қорытынды бақылау	12

15.3 ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ СХЕМАСЫ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР

Модульдің атауы	код	A1	A2	A3	A4	A5	B1	B2	B3	B4	B5	C1	C2	C3	C4	C5
Модуль 1. Докторанттарды кәсіби даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері		X			X	X		X	X	X			X	X		X

ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТЕР

Модульдің атауы	D1	D2	D3	D4	D5	D6	D7	D8	D9	D10	D11	D12	D13	D14	D15	D16	D17
Модуль 1. Докторанттарды кәсіби даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері	X		X		X				X		X	X	X		X	X	X

16. ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

«8D01721 – ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ» ДОКТОРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАР

- докторлық білім беру бағдарламасының қорғалатын докторлық диссертацияның негізгі мәселелеріне сәйкестігі;
- өзекті және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар;
- ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделген;

- компьютерлік технологияны қолдану арқылы мәліметтерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделген;
- заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы орындалады;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінен тұрады.

17. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Великобритания: Университет Центрального Ланкашира

Дания: Aarhus University

Чехия: Карлов Университет

Германия: Humboldt University of Berlin, Бамберг Университеті, Пассау Университеті

Испания: Аликанте Университеті

Малайзия: Малайзия Ұлттық Университеті

18. Докторантураның білім беру бағдарламасы тәжірибенің екі түрін қамтиды:

- педагогикалық – 10 кредит;
- зерттеу – 10 кредит.

19.1 Зерттеу тәжірибесі

Докторанттың ғылыми-зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сонымен қатар тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүзеге асырылады. Ғылыми зерттеу, жинақтау, жүйелеу, өңдеу, ғылыми материалды талдау және оны баспаға дайындау дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

Докторанттардың өндірістік практикасының **міндеттеріне** мыналар кіреді:

1. докторанттардың кәсіптік-педагогикалық міндеттерді шешу тәсілі ретінде шетел тілінде білім беру әдістемесі мен ол оған арналған негізгі ғылымдар бойынша теориялық білімдерін қолдана білуін қалыптастыру және дамыту;
2. әр түрлі ұйымдастырушылық формаларда құзыреттілік тәсілді іске асыру арқылы контекстке негізделген білім беру технологиясын дамыту және жетілдіру: оқу дәрістері, семинар-практикалық сабақтар, тіл бойынша практикалық сабақтар, өзіндік жұмыс және т. б.;
3. контекстік-негізделген оқыту процесінде білім алушылардың когнитивтік функцияларын дамыту технологияларын пайдалану біліктерін жетілдіру;

Практиканы өткізу орындары:

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің негізін ғылыми және оқу орындары, ғылыми орталықтар, мамандандырылған бөлімдер, сонымен қатар қолданбалы ғылыми зертханалар құрайды. Бұл ұйымдар «Абылай хан атындағы

ҚазХҚжӘТУ» АҚ ғылыми-әдістемелік мектебінің ғылыми бағыттарына сәйкес келетін ғылыми қызметті жүзеге асырады. Әрбір докторант үшін ғылыми-зерттеу тәжірибесі өтетін орынды таңдау оның диссертациялық жұмысының тақырыбы мен мәселелерінің тиісті орталықтың немесе кафедраның зерттеудің ғылыми бағытына сәйкестігіне байланысты.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ кафедралары, “Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Республикалық кәсіби даму институты